

Сабырхан Смағұлов,
тарихшы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы

Бауыржан Момышұлы және Отан тарихының мәселелері

Алаш арысы Бауыржан Момышұлының өмірі мен қызметі, халыққа еткен еңбегі, шығармашылығы туралы көп айтылып, бірталай ғылыми зерттеулер, естеліктер жазылды. Көп жағдайлар халыққа белгілі. Бұл мақалада осындай тарихи тұлғаның Отан тарихына қатысты көзқарастарына, ой-толғауларына, жастарға адамгершілік, патриоттық тәрбие беру мәселелері жөніндегі ой-пікірлеріне өзінің шығармаларына сүйене отырып, назар аударуды жөн көрдік.

Ұлы Отан соғысында қазақ халқының ұлттық батырына айналған Бауыржан Момышұлы Москва түбіндегі шешуші шайқаста ерен ерлігімен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған бірегей қолбасшы ретінде танылды. Баукеңнің аңызға айналған ерлігі жайлы талай роман, дастандар, ғылыми зерттеулер, естеліктер жазылды, алда да жазыла беретіні хақ. Ол бүкіл дүние жүзі тарихының игілігі болып табылады. Онымен болашақ ұрпақтан шыққан зерттеушілер де айналысатын болады.

Ұлы Отан соғысы барысында еліміздің тағдыры шешілген, Москва үшін шайқас жүргізілген 1941 жылдың күзіндегі оқиғалар ерекше маңызды әрі оның принципті мәні бар. Москваны қорғаудағы аса жауапты шептер, Қазақстанның абыройы мен даңқына орай, Қазақстанда генерал И. Панфилов жасақтаған 316-дивизияға тапсырылды. Бұл оқиғалар біздің бәріміз үшін де өте маңызды әрі біз бұл аса зор шайқастар жөнінде тереңірек білуге тиістіміз.

Ал, Бауыржан Момышұлы сол сұрапыл шайқастарға жай қатысушы ғана емес, ол ұрыстың алдыңғы қатарында табылып, жетекші командир болды.

Бауыржан Момышұлының ел ұғымында толымды, жинақы, тұтас бейнесі қалыптасқан. Бұл соғыс қаһарманы ғана емес, онымен бірге жарқын да жалқы, қайта тумас азаматтың бейнесі. Қайталанбас тұлға. Ол әдеби кейіпкерге айналған, ауыздан ауызға тарап, өлең-жырға өзек болған, тіпті өз басынан да асып, аңызға айналған адам. Ол ата мекен жер үшін, қасиетті ел үшін, халық үшін қан төгіп, қас жауменен табан тірей күресті. Соғыс жылдары өзі шығарған өлеңінде айтқанындай:

Қаршығадай, қырандай,
Дұшпанға тиіп ұрандай,
Ту көтеріп майданда,
Ел намысын қорғаған.
Ер намысын қолға алған,
Қирата жойған дұшпанды [1].

Б. Момышұлы әскери әдебиет жанрының көрнекті өкілі, түркі халықтары әскери әдебиетінің негізін салушы. Қан майданда қол бастаған батыр. Ол қанды майданға түсіп, талай ерліктің үлгісін көрсетті. Бауыржан Момышұлы 200-ден астам ұрысқа әскерді өзі бастап кірген. Бес рет қоршауда қалып, оны бұзып шыққан. Жеті рет жарақаттанған, үш рет контузия алған. 45 жыл бойы

батыр атағына екі рет ұсынылса да берілмеді. Оған қоса соғыстан кейін Мәскеудегі Жоғары әскери академияда 5 жыл қызмет етіп, 13 жыл генералдық қызмет атқарды. Осыған қарамастан, Жоғары әскери билікке араластырылмайтын ұлттың өкілі екендігі есепке алынып, оған генерал шені берілмеді. Кеш болса да бұл қателік біршама түзетіліп, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың араласуымен Б.Момышұлына Кеңестер Одағының Батыры атағы 1990 жылы 11 желтоқсанда берілді [2].

Б. Момышұлы тарих ғылымына, соның ішінде Отан тарихы мәселесіне үлкен мән беріп, өзінің көпшілік еңбектерінде өткен тарихтың қоғамдағы алатын орны мен маңызына ерекше тоқталып, өзіндік тұрғыдан ой қозғап, еліміздің арғы-бергі тарихын қаузап және өз заманының алдыңғы қатарлы, озық ойлы, ұлт тарихы туралы батыл да шынайы ғылыми еңбектер жазған Ермұхан Бекмахановты қастерлеп, пікірлес інісі ретінде қарым-қатынаста болған. Сталинизмнің құрбаны болған, кеңес тарих ғылымында тарих ғылымдарының докторы атағына алғаш ие болған, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, қазақ тарих ғылымының, халқымыздың мақтанышы, әйгілі тарихшы Ермұхан Бекмаханов 1966 жылы ауыр науқастан қайтыс боларының алдында Бауыржан Момышұлымен қоштасарда айтқан соңғы сөзі былай болыпты: «Үлгере алмай кетіп барам, кешіріңіз!». Ал осыған халық атынан кешірім сұрап, жауап бергендей Баукең былай деп жазыпты: «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде, деп боздар сорлы қазақ мен өлгенде». Осы сөзімді Қанышқа, Мұхтарға арнап жазып едім. Інім едің – сенімен қоштасып, басыңа қойып тұрмын. Жатқан жерің торқа болсын. Әрқашан да есімдесің, бауырым. Жылаушы Б. Момышұлы. 7.05.1966. Алматы» [3].

Бауыржан Момышұлы сондай-ақ соғыс жылдары және соғыстан кейін де тарихшы-ғалым, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.М. Панкратовамен, тарих ғылымының докторы, профессор, кейіннен ҚР ҰҒА-ның академигі, Республика ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Ақай Нүсіпбековпен және т.б. хат жазысып, пікір алмасып отырған. Мысалы, ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы Б.Момышұлының жеке қорында 1961 жылы 29 қыркүйекте А.Нүсіпбековке Мәскеуден жолдаған хаты сақталған. Онда ол өзінің Орталық архивте жұмыс істеп, И.В. Панфилов туралы материалдар жинап жатқанын, ондағы кездесіп жатқан қиыншылықтар және «Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор И.В.Панфиловтың қысқаша биографиялық очеркі» деген тақырыптағы зерттеу жұмысының мақсаты мен жоспарын, мазмұнын баяндаған. Ал, 1943 жылы А.М. Панкратоваға жазған хатында осы жылы баспадан шыққан, «әлі сиясы да кеппеген», жоғары оқу орындарына арналған алғашқы оқулық «Қазақ ССР тарихы» жөніндегі өз пікірін білдірген екен. Аласапыран соғыс кезінде, қан майданның бел ортасында жүріп, қалай уақыт пен мүмкіндік тауып, танысып үлгерген десеңізші! Хатында «Сіздің редакциялауыңызбен жарық көрген бұл еңбек сөз жоқ қазақ халқының өткен тарихы алғаш рет шынайы тұрғыда ғылыми тұжырымдалған құнды үлес болып табылады» деп, оған жоғары баға берген. Сонымен қатар оқулықтың кейбір тараулары бойынша өз ескертпелерін жеткізген [4].

1943 жылы желтоқсан айының соңында Алматыға қан майданнан жараланып емделуге келген батырды астана жұртшылығы құшақ жая, зор қуанышпен қарсы алады. Осы келісінде Б.Момышұлы зиялы топпен, атақты ақын, жыр алыбы Жамбылмен және майданнан хат арқылы хабарласып сырттай танысқан ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен сұхбаттасады. Көптеген кездесулер өткізіледі.

Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы өзінің 1944 жылы қаңтарда КСРО ғылым академиясының қазақстандық филиалының мәжіліс залында академия басшыларының ұйымдастыруымен тарих, әдебиет, өнер қайраткерлерінің таңдаулы шағын тобына өткізген алты күнге созылған арнаулы әңгіме-дәрісінің негізінде жазылған «Қанмен жазылған кітап» (Соғыс психологиясы) атты шығармасында «Әрбір солдат өзіне өзі төмендегідей сұрақтар қояды. Біздер кім едік? Біздер кімбіз? Біздер қандай болмақпыз? - деп келіп, соған былайша жауап береді: «Сонымен біздер кімбіз және біздер кім болмақпыз? Егер сіздердің біріңізге: сіздің атаңыз тамаша адам болған десе, онда сіздің де көңіліңіз көкке көтеріліп қалмай ма, сондықтан да бізден біздер кімбіз деп сұрайтын болса, онда біздің өткен тарихымызға, біздің даңқты ата-бабаларымызға деген біздің бойымызда мақтаныш сезімі сезілетіндей етіп жауап беруге тиістіміз.

Мен: «Біз мал едік, қараңғы едік», - деп соғатын кейбір шешенсімақтарға қатты ашу-ызам келеді. Бұл бізде ғана бар көркеуделік емес, басқа ұлттарда да бар нәрсе, тіпті орыстардың арасында да соғысқа дейін өздерінің ата-бабалары жөнінде ұнамсыз нәрселерді айтудан ұялмайтындар табылатын. Суворовтың өзін де жақында ғана көпшілікке насихаттай бастаған жоқ па. Сол кезде, яғни өткен ғасырда өмір сүрген біздің кейбір хандарымыз бен билерімізге, мемлекет қайраткерлерімізге байланысты да осындай көзқараста болдық, ал бізде хан екен, демек антұрған деп қарайтын ұғым-түсінік болды. Мұның өзін парасаттылық еді деп кім айта алады – сөз жоқ ешкім де айта алмақ емес. Өйткені Кенесарыдан оның көзқарасының Маркс көзқарасымен сәйкес келуін талап етуге болмайды! Олар өз заманының мемлекет қайраткерлері әрі жақсы адамдар болған, сірә мұны теріске шығара қоюға болмас, және де оларды мақтаныш етуіміз керек – олар халықтың абыройы ғой. Мұндай сұраққа немере-шөберелері өзінің ата-бабаларына, өзі өмір сүрген қоғамдық формацияда көшке ілескен елеусіз адам емес, жұртқа пайдалы өз заманының прогрессивті, өнегелі адамы болғанына мақтанатындай етіп айта білу қажет. Өткен тарихымызды аяққа баспай, қиянат жасамай мұны дұрыс ажырата білгеніміз жөн.

Біздер осы кімбіз? Біздер кім болмақпыз? Бұған былай жауап беру керек: жақсы адамдар бар, одан да жақсырақ болуымыз керек. Әйтпесе ертеректе біз мал едік, жылдар өте нағыз адам болыппыздың кері келмей ме. Бұлайша қойылған сауалға жауап қайыру жөнсіздік» [5].

Міне, хас батыр сонау соғыс кезінде-ақ, біздің тарихшыларымыз, әдебиетшілеріміз, журналистер, жалпы зиялы қауым өкілдерінің көпшілігі мұнда ғана, яғни КСРО ыдырағаннан кейін айта бастаған мәселені кеңестік тоталитарлық жүйенің шырқау шыңына жетіп, сталиндік жаппай қуғын-сүргін,

жазалау шаралары өршіп тұрған кезде өз ойын ашық, анық, батыл баяндағанына таңқаласыз. Біз, өткен ғасырдың 40-шы жылдары өзгеше ойлайтын адамдардың қудаланып, тарих жазудағы, әдебиет пен өнердегі саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалауларға қарсы большевиктік сынның кеңінен өрістегенін тарихтан білеміз. Соның бір көрінісі - жас, талантты тарихшы Ермұхан Бекмахановтың Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс туралы ғылыми тұжырымдары, оның көзқарастары буржуазияшыл-ұлтшылдық түрі – саяси зиянды деп жарияланып, айыпталып, қудалануы. Шынында да кеңестік тарихнамада, ресми партиялық құжаттарда, тіпті оқулықтардың өзінде сонау көне заманнан бастап орыс патшалары, батырлары, билеушілері дәріптелді де, ал қазақ ел билеушілері, халық батырлары, билері, әсіресе, хандары жұмсақтап айтқанда аталмады, ал аталса, кертартпа, қатігез, қанішер, тіпті жауыз етіп көрсетілді. Сөйтіп, Баукеңнің тілімен айтқанда «өткен тарихымыз аяққа басылып», ел үшін, елдік үшін, келешек ұрпақ үшін бар мүмкіндігінше, аянбай қызмет жасаған тарихи тұлғаларға қиянат жасалды. Тарихи шындық бұрмаланды. Мысалы, Сталин өз диктатурасын тарихи жағынан нығайта түсу мақсатында Иван Грозныйды, І Петрді дәріптегені аян. Олардың тұсында болған мемлекеттің күші мен құдіретін, тіпті, патшалардың жүргізген агрессиялық саясаттарын мадақтады.

Бауыржан Момышұлы осы еңбегінде ерлікке тәрбиелеу мәселесін жан-жақты әрі тереңінен қарастыра келе төмендегідей ой қозғайды:

«... Егер адамды жауынгерлік қасиетке тәрбиелемесе – онда бұл халық жауынгер халық болмағаны. Мұны өткен тарихымызға қатысты, біздің халқымыз жауынгер халық болмаған деп айта аламыз ба? Жоқ, біз бұлай деп айта алмаймыз, өксікті өкінішке орай біздің жауынгерлік, ержүректік қасиеттерімізге соңғы уақыттарда өткенге жаппай тас лақтыру, қаралауға байланысты жатсына, тосырқана қарай бастаған сияқты.

Өткенге жатсына қараушылық орыс және басқа да ұлттарда да болған. Мұның өзін республиканың ескі басшыларының тарапынан жасалған белгілі дәрежедегі зиянды іс деп санаймын. Халықты жауынгерлік асыл қасиеттерге тәрбиелейтін дәстүрлерінен қалай айыруға болады? Игі дәстүрлерді архивтің сөрелеріне қаттап қоюға болама екен? Егер біздер қазақ халқының барлық жақсы дәстүрлерін керегі жоқ деп қудалайтын болсақ, ата-бабаларымыздың кім екенін білмейтін болсақ, мұның өзі пайда бере қояр ма екен?

Ал біз не істедік десеңізші, өткен тарихымызды барып тұрған хайуандықпен жермен жексен ете аяққа таптап, содан кейін «өткенге қарсы шыққан бунтарлар» деген жалпы қорытынды жасауға келіп тірелдік, ал кейбіреулер бұл игі дәстүрлерді қайта дамыта түсудің орнына, түкке тұрғысыз мәселелермен, ұлттың одан әрі дамып жетілуіне зиянды нәрселермен айналысты. Барлық өткен нәрселерді жаппай, ақ-қарасына көз жеткізбей қаралау қандай жағдайда болса да мақтай қоярлық қылық емес, өте тар өрістілік, қатігездік, надандық, тіпті бұзақылық әрекет. Ол зияннан басқа түк те емес.

Дәстүр тәрбиенің басты қайнарларының бірі болып табылады әрі оның өте үлкен мәні бар» [6].

Отан тарихының жанашыры, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің қорғаушысы Б. Момышұлы 1943 жылы 18 наурызда Қазақ ССР Халық комиссарлары советінің төрағасы Оңдасыновқа жолдаған хатында қазақ солдаттарының бойында жауынгерлерлік қасиеттерді тәрбиелеу жөнінде өз ой-толғаныстарын былайша жеткізеді: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттардың бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы аса зор екеніне көзім жетті.

Өзімнің қолжазбамның жазылмаған тарауларының бірін жоспарымда: «Жігітті жауынгерлік қасиеттерге тәрбиелейтін қазақтың игі дәстүрлері» деп атадым.

Қазақ халқының өткен тарихындағы барлық жақсы дәстүрлер бүгінгі таңда қайта салтанат құруға тиіс. Халық даналығының алтын қазынасы біздің жетістігімізге айналып, біліміміз бен тәжірибемізді байытып, істерімізге қолқабыс жасауға тиіс.

Тарихымызда даңқты қазақ жігіттері – Исатай, Махамбет, Амангелді және тағы басқалардың ерлік істері біздің қазіргі заманғы жігіттеріміздің дәстүріне айналуы керек – жастарымыздың оларды нашар білетіні қандай өкінішті десеңші» [7].

Жазушы, Халық қаһарманының айтуынша «Ұлттық мақтаныш сезімі әрбір ұлт адамдары үшін бұзылмас заң. Кімде кім өз ұлтын сыйламаса және оны мақтан тұтпаса, ол сөзсіз барып тұрған арамза, отансыз қаңғыбас. Өзін сыйлай алған адам өзгені де сыйлай алады, белгілі бір ұлттың толық азаматы болып әрі өз ұлтыңды мақтан ете отырып, сен басқа халыққа да лайықты қарай аласың. Екі түрлі ұғым бар: ұлттық рух – бұл асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы көркеуделік. Бұл мәселені дұрыс түсіне білу керек.

Кейбіреулер ұлттық рухты немесе ұлттық патриотизмді ұлтшылдықпен шатастырып алады. Бұл жерде міндетті түрде ұғыну қажет. Ұлттық рух пен ұлтшылдықтың ара жігін ажырата білген жөн. Ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие, өз ұлтыңды тануға көмектеседі, ал бізге осы асыл қасиеттерді дамыта түсу қажет, осындай адам ғана отандастарының алдындағы өз халқының және ең алдымен халықтардың бауырластығы алдындағы өз борышын терең де жоғары сезінеді. Барлық халықтар барлық ұлы әрі тамаша нәрселер жасауға қабілетті» [8].

Б.Момышұлының бұл ойларынан шығатын қорытынды халық өз тарихын, төл дәстүр-салтын, тілін, әдет-ғұрпын, ауыз әдебиетін қастерлеуі керек. Тарих, этнография, фольклор, тіл – халықтың жан дүниесі, оның барша әлем алдындағы айнасы. «Барлық халықтар барлық ұлы әрі тамаша нәрселер жасауға қабілетті». Қалай керемет айтылған! Сол сияқты әр халық әлем тарихына өз әлінше үлес қосады. Соның бір нақты көрінісі тәуелсіздік жылдарындағы біздің еліміз қол жеткізген ірі табыстар емес-пе! Өтпелі дәуірдің қиыншылықтарын еңсере отырып, нарықтық экономиканы игеріп, қалыптастырдық. Оны АҚШ бастаған әлемнің алып мемлекеттерінің өзі мойындады. Қазақ халқы күрделі де қиын сәтті табандылықпен еңсере, республикадағы барлық этникалық топтарды біріктіре отырып, өзінің бүкіл күш-қуатын жасампаздық істерге жұмылдыра

білді, өзінің жасампаздық қабілетін көрсете алды. Ішкі және сыртқы саясатымызда қол жеткізген табыстарымыз, алған асуларымыз қаншама. Тарихта алғаш рет ТМД, түрік, мұсылман халықтары ішінде сонау Ванкуверден Қиыр Шығысқа дейін аралықта орналасқан әлемнің 56 мемлекеті мүшесі болып табылатын Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымына төрағалық етіп, әлемдегі ең бір ықпалды, беделді халықаралық ұйымды басқардық. Бұл – Республикамыздың, елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық зор беделінің ерен табысы, еліміздегі ұлан-ғайыр оң өзгерістердің, біздегі демократияның айшықты нәтижесі. 2011-2012 жылдары аралығында Ислам Конференциясы Ұйымын басқардық. Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен тең деңгейде дипломатиялық, саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар орнатты. Қазақстан дүниежүзілік қауымдастықта лайықты өз орнын алды. Еліміз Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.1. – Алматы, 2000. 74-б.
2. Қазіргі тарих ғылымының проблемалары: жаңа бағыттар мен көзқарастар: «Бекмаханов оқулары» халықаралық ғылыми конференция материалдары. 21-22 мамыр 2010 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. 17-б.
3. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында. – Алматы, 1994. 381-б.
4. ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы Б.Момышұлының жеке қорынан.
5. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.1. – Алматы, 2000. 38-39-бб.
6. Бұл да сонда, 35-36-бб.
7. Бұл да сонда, 218-219-бб.
8. Бұл да сонда, 37-38-бб.